



**Коучинг тақырыбы:
Критериалды бағалау – сапалы
білім негізі.**



Коучинг мақсаты:

Әріптестерімізді педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мақсатында инновациялық идеялармен таныстыру, шығармашылық қабілетін ұштау, жаңа формациядағы бағалау түрлерін тәжірибеге енгізуге ықпалдасу. Мұғалімдерге оқушылардың айқындалған критерийлерге сәйкес өз жұмысының сапасы туралы қорытынды жасай білуге қол жеткізуін үйрету, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үдерістерінің дамуына ықпал ету



Коучинг сессиясының міндеттері:

Өзін-өзі және өзара бағалауда критерийлерді пайдаланудың маңыздылығын айқындау.

Критериалды бағалау арқылы оқытудың тиімділігін және оқу сапасын арттыруға болатынына көздерін жеткізу.

Оқу үдерісінде критериалды бағалауды қолдану жолдары мен түрлерін түсіндіріп, әріптестермен тәжірибе бөлісу.





Күтілетін нәтиже:

Коучинг сессиясына қатысушы мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері жоғарылайды;
Өзін-өзі және өзара бағалау туралы түсініктері қалыптасады, критериалды бағалаудың стратегияларын біледі;
Мұғалімдер оқу үдерісінде оқушылардың жетістіктерін жаңа жүйеде бағалайды.







Түйінді идеялар: «Бағалау» - (латын сөзінен шыққан «жақын отыру» дегенді білдіреді) мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын оята алатын пәрменді тетік. *Критериалды бағалау* – білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. *Баға* – символ, оқу жетістігін не санмен таңбалау, не сөзбен жеткізу.





Психологиялық жағымды көңіл-күй орнату.
Мұғалімдер қоржыннан шиыршықталған қағаздардың бір-біреуін алады. Қағаздарда сабаққа қатысушылардың есімдері жазылған. Әр мұғалім қағазда жазылған әріптесінің атын атап, оған өзінің жылы лебізін, тілегін айтады.





Ұйымдастыру кезеңі. Қатысушылар
үлестірілген жемістер, көкөністер, гүлдер
арқылы үш топқа бөлініп отырады.
Ой шақыру.



«Дейін және кейін» стратегиясы.





Бағалау критерийі

Тақырыптың ашылуы

Дәлелдердің нақтылығы

Қалай бағалауға болады?

Сөйлеу мәнері

Сабактың қай тұсында пайдалануға болады?

Постердің рәсімделуі.



**Топтық жұмыс.
Шығармашылық тапсырма.**





Бағалау критерийі

10 балл – «5»

Денесі үш бөліктен тұрады – 3 ұпай

Төрт қанаты симметриялы – 2 ұпай,

Мұрты – 1 ұпай, Көзі – 1 ұпай,

Тұмсығы – 1 ұпай,

Суреттің салыну ерекшелігі – 2 ұпай,

-Енді жұмысты бағалау қиын болды ма?

Неліктен?





Топтық жұмыс. Кластер жасау.

топ: Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді?

топ: Критериалды бағалаудан мұғалім не ұтады?

топ: Критериалды бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма?



Критериалды бағалауды пайдаланудың тиімділігі мен берері

Оқушы	Мұғалім	Ата-ана
<ul style="list-style-type: none">• Өзінің тақырыпты меңгеру дәрежесін анықтайды• Өз жұмысына сараптама жасауға үйренеді• Өзінің білім деңгейін алдын-ала болжайды• Өзінің және сыныптастарының білім деңгейіне сын көзімен қарауға үйренеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды• Критерийдің көмегімен өз білімін бағалауға мүмкіндік алады	<ul style="list-style-type: none">• Оқушының білім деңгейін анықтайды, дамуын қадағалайды• Әр оқушының мүмкіндік деңгейін біліп отырады• Оқушыға оқудың қай тұсы қиындық туғызатынын анықтайды• Оқушының кемшіліктеріне назар аударта отырып, оның дамуына бағыт береді• Мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланыс орнайды	<ul style="list-style-type: none">• Баласының білім деңгейі жайлы объективті дәлелдеме алады• Баласының оқудағы жетістіктерін, оның дамуын қадағалайды, біліп отырады• Критерий көмегімен баласына оқуда қолдау көрсете алады• Баласының не үшін баға алғанын біліп отырады• Ата-ана мен мектеп арасында кері байланыс орнайды

Баға үшін дау-жанжал туындамайды, баға критерий бойынша



«Дейін және кейін»
стратегиясы. «Кейін»:



Бағалаудың мақсаты:

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер арқылы кері байланыс (оқушылар, мұғалім, ата-аналар үшін);
- Болжау мен сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау мен орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін анықтау;





Суммативті бағалау

Белгілі бір мерзім ішінде нақты білім көрсеткішін көрсетеді (қорытынды тест, емтихан, сынақ, бақылау кеспелері т.б). Бағалау әдістерін мұғалім жоспарлайды.

Формативті бағалау

Күнделікті тәжірибеде қолданылады. Міндетті түрде оқушымен кері байланыс орнатылу керек. Мұғалімге сыныптың түсінуін, ілгерлеу деңгейін көрсетеді.



Оқытуды жақсартудың бес басты факторлары



Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.

Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі.

Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып оқытуды өзгерту.





Суммативті бағалау

Белгілі бір деңгейдегі өлшемдерді өлшеу тәрізді, бірақ бұл іс-әрекет гүлдің өсіп-өнуіне ықпалы тимейді.

Формативті бағалау

Гүлдің қажеттіліктерін ескеріп, жағдай жасап, баптап өсірумен тең.



Формативті бағалаудың шарттары:

- Оқушылардың оқу мақсаттарын білу және түсіну;
- Кері байланыстың тиімді тәсілінің қолданылуы;
- Өздігінен білім алуға деген белсенділіктің болуы;
- Бағалау критерийлерімен таныс болуы;
- Өз жұмысына талдау жасай білуі(рефлексия)



“Бас бармақ” тәсілі

- Барлығын түсіндім
- Енді түсініп келемін
- Түсінбедім